



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

03.12.2020 № 2-010324-20-72997

05.11.2020 ж. №ДЗ-177

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура Жезқазған қаласының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету туралы Сіздердің депутаттық сауалыңызды қарады.

Қарағанды облысының Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2012-2017 жылдарға арналған кешенді жоспарын (Үкіметтің 2011 жылғы 3 қарашадағы №1283 қаулысымен бекітілген) іске асыру мерзімі 2022 жылға дейін **ұзартылғанын** хабарлаймыз (Үкіметтің 2019 жылғы 13 маусымдағы №400 қаулысы).

Облыс әкімдігінің мәліметтері бойынша Жоспардың ұзақ орындалуына **бюджет тапшылығы** себеп болды, соның салдарынан жергілікті атқарушы органдар демеушілік қаражаттар тартуда.

Атап айтқанда, 2013-2019 жылдар кезеңінде «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС (бұдан әрі – Корпорация) **қаржысы** есебінен ұзындығы 23 км Үйтас-Айдос суағарын **ауыстыру** жүргізілді (оның жерасты су кен орнынан қалаға дейін жалпы ұзындығы 70 км, пайдалануға 1967 жылы берілді).

Ағымдағы жылы Корпорациямен Үйтас-Айдос суағарын қайта жаңарту бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы (бұдан әрі - ЖСҚ) **2021 жылдың бірінші жартыжылдығында** әзірлеуді материалдық қолдау туралы уағдаластыққа қайта қол жеткізілді (44 км су құбырын ауыстыру және 11 ұңғыманы қайта жаңарту жоспарланған. Жобаны іске асыру 2022 жылы басталады).

Жоғарыда көрсетілген объектідегі жұмыстардың аяқталуына қарай Қожамсейіт кен орнында оларды одан әрі Үйтас-Айдос суағарымен біріктіре отырып құрама коллекторлар салуға (суды тарату үшін) ЖСҚ әзірлеу жоспарлануда (жұмыс кезеңі белгіленбеген).

Жезқазған қаласының тұрғындарын сумен қамтамасыз ету үшін сондай-ақ Эскулин суағары салынуда (қазір Эскулин кен орнының жерасты суын тұтынушылары тек Сәтбаев қаласының тұрғындары ғана болып табылады).

Осы мақсаттарға Су ресурстары комитеті (бұдан әрі-Комитет) **үш жобаны** іске асыруда.

Соның жалпы сомасы **4 млрд** теңгеге екеуі (сомасы 2,3 млрд теңгеге «Жезқазған қаласын сумен жабдықталуын ескере отырып, Эскулин су бөгетін реконструкциялау» және сомасы 1,7 млрд теңгеге «Жезқазған-Есіл-Петропавл» автожолының бойында 55-шахта ауданындағы

Эскулин су таратқышы учаскесін Жезқазған кен орны тау-кен жұмыстарының әсер ету аймағынан көшіру (15,2 км)» а.ж. желтоқсанында аяқталады.

Олардың пайдалануға берілуі кен орнында өндірілетін судың көлемін екі есеге (жылына 11 млн кубтан 23 млн кубке дейін) арттырады, сондай-ақ бұдан әрі Жезқазған қаласының тұрғындарын сумен қамту үшін суды су тазарту станциялары мен резервуарларға апатсыз берілуін қамтамасыз етеді.

«Қарағанды облысының Жезқазған қаласын сумен жабдықтауды ескере отырып, Эскулин су құбырын салу» үшінші жоба 2010 жылдан бері іске асырылуда.

Ол бойынша жұмыстар шарттық міндеттемелерін мерзімінде (2017 жылғы қараша) орындамаған мердігердің жосықсыздығына («Caspian Contractors Trust» ЖШС) байланысты қазіргі уақытқа дейін **аяқталмаған**.

Бұдан әрі (2017-2018 ж.ж.) мердігерлік жұмыстардың бір бөлігін «Қазсушар» РМК (бұдан әрі – РМК) орындады. 2019 жылы жобаны іске асыру түзету үшін **тоқтата тұрылды** (шығыс материалдары, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бағасының қымбаттауы).

2020 жылғы 10 қарашадағы №01-0530/20 мемлекеттік сараптамамен жобаның құны (қалған жұмыстар көлемі) **2,4 млрд** теңгеге айқындалды.

Комитет Қаржы министрлігіне (бірыңғай оператор) жұмыстарды мемлекеттік сатып алу процедурасын өткізу туралы өтінім жолдады (қарау сатысында).

Нысанды тапсыру 2021 жылға жоспарланған.

Көрсетілген үш жобаны кешенді іске асыру Сәтбаев және Жезқазған қалаларын шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталғанға дейін Жезқазған қаласының тұрғындары Кеңгір су қоймасынан (жалпы көлемнің 49%) және Үйтас-Айдос жерасты су көзінен (жалпы көлемнің 51%) су тұтынуды жалғастырады, ол Су кодексіне (90-бап «Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын ауызсумен жабдықтау үшін пайдалану») қайшы келмейді.

Осы жоба бойынша (Эскулин суағарының құрылысы) мемлекеттік аудит барысында РМК мен Комитет қызметінде **180 млн** теңгеден астам сомаға орындалмаған жұмыс көлемін қабылдау фактілері анықталғанын атап өту керек.

Осыған байланысты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен 2019 жылғы 16 қаңтарда ҚК-нің 189-бабы 4-бөлігінің 2-тармағы (сеніп тапсырылған бөтен мүлікті немдену немесе талан-таражға салу) бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталып, 2019 жылғы сәуірде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды.

Облыс прокуратурасымен көрсетілген процестік шешім бұзылды (істі қосымша тергеп-тексеруге жолдаумен) және а.ж. 31 қазанында облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қылмыстық істі өндіріске қабылдады.

А.ж. 16 қарашада облыс прокуратурасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет мекенжайына қылмыстық істі созбалаңға салуына және мән-жайлардың толық зерттелуін қамтамасыз етпеуіне байланысты ұсыну енгізді (қадағалау актісі қаралуда).

Қазіргі уақытта іс бойынша қосымша тергеп-тексеру жүргізілуде (тергеу мерзімі а.ж. 30 желтоқсанына дейін ұзартылды). Тергеу барысы Бас прокуратураның бақылауында.

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры**

Ғ. Нұрдәулетов

орын. Изимов М.Е.
тел.712990

Тізім

1. А.Т. Қожахметов
2. А.Е. Базарбаев
3. М.А. Айсина
4. Г.Қ. Бижанова
5. П.О. Казанцев

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БАС ПРОКУРАТУРАСЫ



ГЕНЕРАЛЬНАЯ
ПРОКУРАТУРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

03.12.2020 № 2-010324-20-72997
05.11.2020 г. №ДЗ-177

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)

Уважаемые депутаты!

Генеральной прокуратурой рассмотрен Ваш депутатский запрос об обеспечении питьевой водой жителей города Жезказган.

Сообщаем, что срок реализации Комплексного плана социально-экономического развития городов Жезказган, Сатпаев и Улытауского района Карагандинской области на 2012-2017 годы (утвержден постановлением Правительства от 3 ноября 2011 года №1283) **продлен** до 2022 года (постановление Правительства от 13 июня 2019 года №400).

По сведениям акимата области причиной длительного исполнения Плана явился **бюджетный дефицит**, вследствие чего местными исполнительными органами привлекаются спонсорские средства.

В частности, в период 2013-2019 годы за счет **финансов ТОО «Корпорация Казахмыс»** (далее – Корпорация) произведена **замена** Уйтас-Айдосского водовода протяженностью 23 км (общая его протяженность от месторождения подземных вод до города составляет 70 км, введен в эксплуатацию в 1967 году).

В текущем году вновь достигнута договоренность с Корпорацией о материальной поддержке разработки в **первом полугодии 2021** года проектно-сметной документации (далее - ПСД) по реконструкции Уйтас-Айдосского водовода (запланирована замена трубопровода длиной 44 км и реконструкция 11 скважин. Реализация проекта начнется в 2022 году).

По мере завершения работ на вышеуказанном объекте планируется разработка ПСД для строительства сборных коллекторов (для распределения воды) на Кожамсеитовском месторождении с дальнейшим их соединением с Уйтас-Айдосским водоводом (период работ не определен).

Для водоснабжения населения г.Жезказгана также строится Эскулинский водовод (сейчас потребителем подземных вод Эскулинского месторождения являются только жители г.Сатпаева).

Для этих целей Комитетом по водным ресурсам (далее - Комитет) реализуются **три проекта**.

Два из них на общую сумму **4 млрд тенге** («Реконструкция Эскулинского водозабора с учетом водоснабжения г.Жезказган» на сумму 2,3 млрд тенге и «Перенос участка Эскулинского водовода в районе шахты 55 вдоль автодороги «Жезказган-Есиль-Петропавловск» за зону влияния

горных работ Жезказганского месторождения (15,2 км)» на сумму 1,7 млрд тенге) в декабре т.г. завершаются.

Ввод их в эксплуатацию увеличит в два раза (с 11 млн куб/год до 23 млн куб/год) объем добываемых на месторождении вод, а также обеспечит безаварийную их подачу к водоочистным станциям и резервуарам для дальнейшего водоснабжения жителей г. Жезказгана.

Третий проект «Строительство Эскулинского водовода с учетом водоснабжения г. Жезказган Карагандинской области» реализуется с 2010 года.

Работы по нему до настоящего времени **не завершены**, в связи с недобросовестностью подрядчика (ТОО «Caspian Contractors Trust»), который не выполнил в срок (ноябрь 2017 года) договорные обязательства.

В дальнейшем (2017-2018 г.г.) часть подрядных работ выполнена РГП «Казводхоз» (далее – РГП). В 2019 году реализация проекта **приостановлена** для корректировки (удорожание в цене расходных материалов, работ, услуг).

Государственной экспертизой от 10 ноября 2020 года №01-0530/20 стоимость проекта (объем оставшихся работ) определена в **2,4 млрд тенге**.

Комитетом направлена заявка в Министерство финансов (единый оператор) о проведении процедуры государственных закупок работ (на стадии рассмотрения).

Сдача объекта запланирована на 2021 год.

Комплексная реализация трех указанных проектов позволит обеспечить хозяйственно-питьевой водой города Сатпаев и Жезказган.

До завершения строительно-монтажных работ жители г. Жезказгана продолжают потребление воды из Кенгирского водохранилища (49% от общего объема) и Уйтас-Айдосского месторождения подземных вод (51% от общего объема), что не противоречит Водному кодексу (статья 90 «Использование водных объектов и водохозяйственных сооружений для питьевого водоснабжения»).

Следует отметить, что в ходе государственного аудита по данному проекту (строительство Эскулинского водовода) в деятельности РГП и Комитета установлены факты приемки невыполненных объемов работ на сумму более **180 млн тенге**.

В этой связи Антикоррупционной службой области 16 января 2019 года начато досудебное расследование по статье 189 части 4 пункту 2 УК (присвоение или растрата вверенного чужого имущества), которое в апреле 2019 года прекращено за отсутствием состава уголовного правонарушения.

Прокуратурой области указанное процессуальное решение отменено (с направлением дела на дополнительное расследование) и 31 октября т.г. уголовное дело принято в производство Антикоррупционной службой области.

16 ноября т.г. прокуратурой области в адрес Антикоррупционной службы внесено представление, в связи с волокитой и необеспечением полноты исследования обстоятельств уголовного дела (акт надзора на рассмотрении).

В настоящее время по делу проводится дополнительное расследование (срок следствия продлен до 30 декабря т.г.). Ход следствия на контроле Генеральной прокуратуры.

**Генеральный Прокурор
Республики Казахстан**

Г. Нурдаулетов

исп. Изимов М.Е.
тел.712990

Список

1. Кожахметов А.Т.
2. Базарбаев А.Е.
3. Айсина М.А.
4. Бижанова Г.К.
5. Казанцев П.О.